



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Жаңа энергия өндіруші қуаттарды іске қосу жоспарлары талқыланды

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Қазақстанның энергетика саласын дамытудың өзекті мәселелері қаралды.

Атап айтқанда, ірі халықаралық инвесторларды тарту, жаңа энергия өндіруші қуаттарды (жылу, электр энергиясы) іске қосу, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және инженерлік ин-

нының қоры 1 қаңтардан 1 наурызға дейін 241 мың тоннадан 326 мың тоннаға дейін ұлғайтылды.

Қазір жанар-жағармай материалдары бірінші кезекте егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, содан кейін жанармай құю станциялары мен әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындарға жіберіледі.

Министрдің айтуынша, кей-



фрақұрылымды жаңғырту жөніндегі жоспарлар талқыланды.

Сонымен қатар кеңеске қатысушылар ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету шараларын қарастырды. Энергетика министрі Болат Ақшолақов І тоқсанда бензин, дизель отыны және сыйытылған газ өндірісі бекітілген жоспардан асып түскенін атап өтті. Атап айтқанда, дизель оты-

бір өңірде тұтыну деңгейінің өте жоғары болуына байланысты отын жетіспей жатады. Осыған байланысты Энергетика министрлігі қажет қорды толықтыру бойынша шаралар қабылдап жатыр.

Бұдан басқа орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада отын өндіру мен тұтыну балансын ескере отырып, газ саласын дамытудың өзекті мәселелері қозғалды.



Президент «Астана» ХҚО басқарушысын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқанв «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.

Президентке «Астана» халықаралық қаржы орталығының инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерді дамыту, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ АХҚО-ның жаңарған даму стратегиясы аясында негізгі бизнес-серіктестермен өзара байла-

ныс жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына орнықты қаржыландыру құралдарының аясын одан әрі кеңейту және еліміздің көмірсутегі бейтараптығына жету мақсатын қаржыландыруды жүзеге асырудағы Орталықтың рөлі жөнінде баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаев шетелден инвестиция тарту үшін қажетті инфрақұрылым құрып, жағдай жасауда, сондай-ақ қор нарығы мен ел

экономикасын дамытуда АХҚО-ның маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Бұл ретте, Президент Орталықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігіне, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік дәлізі секілді маңызды инфрақұрылым жобаларына ауқымды инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау керек екеніне назар аударды.

Елімізде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстваралық кеңес құрылады

Сауда және интеграция министрлігіне қосымша құзырет берілуі мүмкін.

Бұл туралы «Ашық» НҚА порталында жарияланған Үкімет қаулысының жобасында айтылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген:

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының 50 және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындау;

үшінші тараптың Қазақстаннан шығатын тауарларға қатысты сауда шараларын және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шараларды қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда мем-



лекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге ала отырып енгізілетін шараларды әзірлеу кезінде мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

стандарттау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру, іске асыру және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізу шарттары мен тәртібін айқындау;

метін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, оны жабдықтауға және жарактандыруға қойылатын талаптарды бекіту;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту;

саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықты құру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындау;

тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдар айқындайтын тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін келісу;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомстваралық кеңес құру.

Құжат 7 сәуірге дейін көпшілік талқылауына ұсынылған.

«Созақ үні»-ақпарат.

СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ СОЗАҚ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БІРІНШІ СЕСИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзі – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10 бабы 1 тармағына сәйкес, сегізінші шақырылымындағы Созақ аудандық мәслихатының бірінші сессиясы 2023 жылдың 30 наурызына сағат 11:00 – де Шолаққорған ауылына шақырылды.

Бірінші сессияның күн тәртібі:

1.Сегізінші шақырылымдағы Созақ аудандық мәслихатына сайлаудың қорытындылары.

Хабарламашы: Әбубәкір Сахиұлы

2.Аудандық мәслихат депутаттарына куәлік және омырауға тағу белгісін тапсыру.

3.Аудандық мәслихат төрағасын сайлау.

Хабарламашы: Әбубәкір Сахиұлы

4.Әр түрлі мәселелер.

Сегізінші шақырылымдағы Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Сегізінші шақырылымдағы Созақ аудандық мәслихатының бірінші сессиясы 2023 жылдың 30 наурызына сағат 11:00 –де аудан әкімдігі ғимаратының кіші мәжіліс залында өтеді.

Мекен жайы: Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16.

Анықтама алу үшін телефон 4-28-04, 87025898595, 87028989911

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



Көтеріңкі көңіл-күй сыйлады

Наурыз мерекесі аясында аудан орталығындағы мекемелер ұжымы көпшілікке наурыз тойын өткізіп, келген қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Аудандық орталық кітапхана ұжымы аудан әкімдігінің мәдениет тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен көзі көрмейтін әлсіз көретін азаматтар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Қош келдің, Әз наурыз» атты мерекелік іс-шара өткізді.

Шығыс халықтарының ерекше мейрамдарының бірі-Наурыз. Наурыз- Ұлыстың ұлы күні. Адамдар бұрынғы өкпе-наздарын ұмытып, бір-біріне қонаққа барады. Наурыз сөзі парсы тілінен аударғанда Жаңа күн деген мағынаны білдіреді екен. Наурыз тойы мерекесі қария Қасымжан Өмірханының бата беруімен басталды. Бұдан соң аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, еңбек ардагері Төлеген Аққұлиев құттықтау сөз сөйледі. Бұдан кейін келген қонақтарға құрамында жеті дәм қосылған наурыз көже ұсынылды. «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары мерекелік шараны әсем әнмен әспеттеді.

Келген қонақтар дәмді наурыз көжеден дәм татып, бір-бірімен емен-жарқын әңгімелесіп, әуелете салған ән ырғағына қосылып би-билеп, өнерлі әжелер тамылжыта ән салды.

Демеуші Бектаев Мұхтар Бауыржанұлы әзірлеген сыйлықтар таратылды. Шараға қатысқандар ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Ел аман, жұрт тыныш болсын деген ізгі тілекпен тарасты.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛ ОЗАДЫ

Созақтықтар Ұлысты ұлы күні - Наурыз мейрамы аясында түрлі деңгейдегі іс шараларды өткізуде. Мекемелер мен білім ордаларында мәдени танымдық іс шаралар, рына жүлделі сыйлықтар тапсырылды. Ауыл әжелері нәрестені бесік салар рәсімін жасады. Бесікке саларға шақырылған ауыл-үйдің әйелдері шашуын шашып,



спорттық жарыстар, тазалық күндері ұйымдастырылса, осынау мерекені атап өтуде, ауылдағы көше тұрғындары да ат салысуда. Наурыз көже таратылып, қазақтың салт дәстүрін ұлықтауда. Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Сиязбеков көшесінің тұрғындары Наурыз мейрамын атап өтті. Қазақтың салт дәстүрі ұлықтап, ұлттық құндылықтарымызды ерекше қадірленді.

Бірлігі жарасқан көше тұрғындары спорттың бірнеше түрінен жарыс өткізді. Мәселен, қол күресі, гир тасын көтеру спорты, арқан тартыс, жылдамдыққа жүгіру сынды жарыстар ұйымдастырылды. Жарыс жеңімпаздарына жол-жоралғы тартылды. Наурыз мейрамын атап өткен көше тұрғындары жастар арасында көкпар берді. Бүгінгі іс шараны ұйымдастырып, басы қасында жүрген Белқожа Кемалов; -Көше тұрғындары бірлесіп Наурыз көше беруді жылда қолға алуды көздеп отырмыз. Мақсатымыз қазақтың дәстүрін насихаттап, көршілер татулығын арттырып, өскін ұрпаққа үлгі болу, - дейді.

Шолаққорған ауылында Сатпаев, Алматы сынды тағы да басқа бірнеше көшелер Наурыз мейрамын барша сән-салтанатымен атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ- НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі аудан орталығы, Шолаққорған ауылында жоғары деңгейде, сән-салтанатымен аталып өтті.

Наурыз мерекесін тойлауды аудан басшысы мен Созақ ауданының Құрметті азаматтары, әр ауыл округтен жиналған ақсақалдар қауымы «Теріскей» саябағында тал көшеттерін отырғызудан бастады. Ау-

лып еңсере білдік. Осы тұста баршаңызға алғысымды білдіремін. Енді міне көктемнің шуақты күні келіп, Наурыз мерекесін атап өтудеміз. Қазақ халқы ежелден бері жаңару мен жасарудың, молшылық пен бақ-берекенің бәрін көктемнен бастаған. Бұл күні адамдар өзара өкпе-назын ұмытып, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз

лық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін! Ақ мол, жыл ырысты болсын, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аудан экономикасының әртүрлі салаларында еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады.

Сонымен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның «Құрметті азаматы» Қабылбек Еспен-



дан халқы белсенділік танытып, наурыз мерекесін көктемнің шуақты күнінде көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Мерекелік жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков халықты Наурыз мейрамымен құттықтап, жаңа жылда жаңа табыстар тіледі.

- Наурыз - күн мен түннің теңеліп, тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп, табиғатқа нәр беріп, адамзат баласына қуаныш ала келетін көктемнің берекелі мерекесі. Бұл күн-қыстың сәті аяқталып, Қаратауға құт-берекені үйгізіп, ақ бұлақтарды ақтартып, жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді. Биылғы қыс мезгілінде толассыз жауған қар мен дауыл, еріген қар суы салдарынан арық-атыздардағы су деңгейінің артуы біраз әбігерге салғаны рас. Әрине біз бұл қиындықтарды мына сіздермен, ел бо-

шаттық пен қуанышқа кенелген. Тал көшеттері егіліп, бұлақ көзі ашылып, айнала тазартылып, топыраққа дән түскен. Наурыз айы басталған күннен аудан бойынша сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, гүл, тал көшеттері егіліп, арық-атыздар тазартылуда. Биылғы жылға аудан аумағын көркейтіп-көгалдандыру мақсатында 5600 түп гүл, 11750 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Халқымызға –ынтымақ, елімізге молшы-

бетов, Созақ ауданының өсіп өркендеуі жолында еңбек еткен ел ағалары Салыхан Сабырұлы, Сержан Әлтеков, Сағынтай Мұсабеков аудан тұрғындарын ұлыстың ұлы күні мерекесімен құттықтап, жылы лебіздерін арнады.

Облыстық филармонияның әншілері мен аудан өнерпаздары ұлттық нақыштағы ән айтып, күй тартты, би билеп, концерттік бағдарламасын паш етіп, халықтың ықыласына бөленді. Ақ шаңқай киіз үйлер тігіліп, тұрғындар ақ дастархан басында бас қосып, аудан халқы мен қонақтарына наурыз көже таратылды, ет асылып, дастархан жайылды.

Мереке аясында қазақтың ұлттық ойындары қазақ күресінен, арқан тартудан, гир тасын көтеру спортынан жарыстар өтіп, мерейлі мерекенің сәнін кіргізді.

ҰЛТТЫҚ СПОРТЫМЫЗ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған салтанатты жиын орталық иппадромда жалғасын тапты. Аудан аумағындағы елді мекендерден жиналған шабандоздар көкпар шауып, салым салып, ұлттық спортымыз

ұлықталды. Дүбірлі доданы елмен бірге ат үстінде тамашалаған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтау сөз сөйлеп, ата дәстүрді ұлықтау мақсатында көкпар ойынына жиналып отырған азаматтарға тілегін арнады. Спортшыларға түрлі номинациялар бойынша алғыс хат табыс етті. Бокстан әлем чемпионы Біржан Жақыпов, ел ағалары мен ауданның бірқатар кәсіпкер азаматтары да дүбірлі доданы тамашалап, құттықтау тілектерін жеткізді. Аудан аумағындағы елді мекендерден жиналған шабандоздар күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін көрсетіп, көкпардың көрігін қыздырды.

2023 жылғы 19 наурызда өткен Созақ аудандық мәслихатының депутаттарды сайлау қорытындылары туралы ХАБАР

1. 2023 жылғы 19 наурызда Созақ аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті.

Сайлаушылардың тізімдеріне 35628 азамат енгізілді. Дауыс беруге 22791 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 241 сайлаушы дауыс берді.

Кандидаттардың жалпы саны - 32.

Созақ аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлаудың мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 1 сайлау округі бойынша

Куанышбаева Назира Асубаевна үшін сайлаушылардың 130 дауысы берілді, Сугирбаев Бағлан Канжарбекович үшін сайлаушылардың 1332 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 51;

№ 2 сайлау округі бойынша

Отыншиева Рабиға Шамақызы үшін сайлаушылардың 856 дауысы берілді, Раймова Разия Әбдұррәсұлқызы үшін сайлаушылардың 91 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 38;

№ 3 сайлау округі бойынша

Нұрланов Базарбай Нұрланұлы үшін сайлаушылардың 1537 дауысы берілді, Шәңке Ақерке Есенбайқызы үшін сайлаушылардың 319 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 21;

№ 4 сайлау округі бойынша

Баймусаев Бақдаулет Курмашович үшін сайлаушылардың 1578 дауысы берілді, Сырғабаев Рулан Райсбекович үшін сайлаушылардың 85 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 0;

№ 5 сайлау округі бойынша

Есмуратова Гулшат Есбергенқызы үшін сайлаушылардың 871 дауысы берілді, Жақсылықов Талғат Бақбергенұлы үшін сайлаушылардың 42 дауысы берілді, Кабылбеков Елдос Кабылбекович үшін сайлаушылардың 411 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 20;

№ 6 сайлау округі бойынша

Қосанов Ғалымжан Төленбекұлы үшін сайлаушылардың 56 дауысы берілді, Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы үшін сайлаушылардың 784 дауысы берілді, Сейілбеков Нұрбек Ермеқұлы үшін сайлаушылардың 606 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 3;

№ 7 сайлау округі бойынша

Сағындық Ернар Құралбекұлы үшін сайлаушылардың 1440 дауысы берілді, Төлепбергенұлы Олжас үшін сайлаушылардың 174 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 50;

№ 8 сайлау округі бойынша

Абдуллаев Мақсат Қуатбекұлы үшін сайлаушылардың 136 дауысы берілді,

Бекишов Құрманғали Әбиұлы үшін сайлаушылардың 1531 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 15;

№ 9 сайлау округі бойынша

Куанышбекқызы Айгүл үшін сайлаушылардың 34 дауысы берілді,

Пернебай Балгерім Бауыржанқызы үшін сайлаушылардың 847 дауысы берілді, Топшақов Серік Әбілқасымұлы үшін сайлаушылардың 1146 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 31;

№ 10 сайлау округі бойынша

Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы үшін сайлаушылардың 1830 дауысы берілді, Бәжібаев Ерболат Әділханұлы үшін сайлаушылардың 263 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 2;

№ 11 сайлау округі бойынша

Жамиев Ордабек Мырзабекович үшін сайлаушылардың 1510 дауысы берілді, Ибраймов Руслан Мақсұтбекович үшін сайлаушылардың 385 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 75;

№ 12 сайлау округі бойынша

Айтбаев Алмас Сапарбайұлы үшін сайлаушылардың 1601 дауысы берілді, Шаримбеков Думан Нәлибекович үшін сайлаушылардың 58 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 7;

№ 13 сайлау округі бойынша

Абдырахманов Бағдат Нуржанович үшін сайлаушылардың 1450 дауысы берілді, Дәрмеш Нұрдәурен Бижасаұлы үшін сайлаушылардың 194 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 101;

№ 14 сайлау округі бойынша

Әбушахман Әділет Төтжанұлы үшін сайлаушылардың 147 дауысы берілді, Нұржауғанов Айбек Нұрлыбекұлы үшін сайлаушылардың 353 дауысы берілді, Жамиева Карлығаш Нышанбаевна үшін сайлаушылардың 1129 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетендер саны - 33;

2. Созақ аудандық мәслихаттың бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлауының қорытындысы бойынша:

№1 сайлау округі бойынша – Сугирбаев Бағлан Канжарбекович,

31.01.1985 туған жылы, «Ак Metal company» ЖШС директоры, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, А.Омарбеков көшесі № 2;

№2 сайлау округі бойынша – Отыншиева Рабиға Шамақызы,

27.04.1966 туған жылы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің білім бөлімінің маманы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, М.Төлебаев көшесі №7;

№3 сайлау округі бойынша – Нұрланов Базарбай Нұрланұлы,

13.07.1979 туған жылы, «Нұрлан ата» ЖШС директоры, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Әйтеке би көшесі №16 ;

№4 сайлау округі бойынша – Баймусаев Бақдаулет Курмашович,

29.07.1988 туған жылы, «SK Тенгри Холдинг» ЖШС директоры, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Аймұрзаев көшесі №20 ;

№5 сайлау округі бойынша – Есмуратова Гулшат Есбергенқызы,

31.07.1967 туған жылы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Айшуақ» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Бекжанұлы көшесі №9 ;

№6 сайлау округі бойынша – Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы,

05.02.1973 туған жылы, «Камила РБ» ЖШС директоры, Созақ ауданы Жартытөбе ауылы, Т.Әлімқұлов көшесі №26 ;

№7 сайлау округі бойынша – Сағындық Ернар Құралбекұлы,

03.05.1983 туған жылы, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының төрағасы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Тоқпанбетов көшесі №9А;

№8 сайлау округі бойынша – Бекишов Құрманғали Әбиұлы,

24.03.1967 туған жылы, Волковгеология» АҚ ГРЭ-5 филиалының директоры, Созақ ауданы, Таукент кенті, Мәңгілік көшесі №23 үй кв2;

№9 сайлау округі бойынша – Топшақов Серік Әбілқасымұлы,

23.02.1966 туған жылы, №1 кәсіптік колледждің есепшісі, Созақ ауданы, Созақ ауылы;

№10 сайлау округі бойынша – Әлібеков Жадыгер Амангелдіұлы,

01.02.1975 туған жылы, «Жадыгер» ЖШС директоры, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Шылманбетов көшесі №49;

№11 сайлау округі бойынша – Жамиев Ордабек Мырзабекович,

12.11.1974 туған жылы, Қарақұр ауыл округі әкімі, Созақ ауданы, Қарақұр ауылы, Наурыз көшесі №89;

№12 сайлау округі бойынша – Айтбаев Алмас Сапарбайұлы,

01.09.1976 туған жылы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің Абай атындағы ЖОМ директорының орынбасары, Созақ ауданы, Тасты ауылы, Сейфуллин көшесі №22;

№13 сайлау округі бойынша – Абдырахманов Бағдат Нуржанович,

06.09.1994 туған жылы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің Л.Бөкенов атындағы ЖОМ мұғалімі, Созақ ауданы, Қыземшек кенті 1 ықшам ауданы №19 кв 28;

№14 сайлау округі бойынша – Жамиева Карлығаш Нышанбаевна,

25.12.1968 туған жылы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Таукент гүлдері» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі, Созақ ауданы, Таукент кенті, 2 ықшам ауданы, №31А сайланды.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Наурыз дастархананы жайылды

Көктемнің шуақты мерекесі Наурыз мейрамы Шолаққорған ауылында әр көше бойынша ұйымдастырылып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Сондай мерекелік шара Ә.Жангелдин атындағы көшеде өтіп, оған тұрғындар ұйымшылдықпен қатысты. Бір күн бұрын көше жастары сенбілік ұйымдастырып, айналаға тазалық жұмыстарын жүргізді. Ер-тесіне шатыр тігіліп, ұзыннан ұзақ стол қойылып, дастархан кеңінен жайылды. Дастархан мәзіріне ұлттық тағамдар жасалып, келушілерге ұсынылды. Наурыз көжеден ауыз тиген әжелер Кенжегүл, Әмина, Үржамилла, Қарақас алғыстарын айтып, игі тілектерін жеткізді. Көне көз қариялар Әлімжан мен Аманжол аталар



мазмұнды да мағыналы бата беріп игі шараға жүрек жарды рахметтерін

айтты. Әжелер ауылдың алты ауызын шырқап, келгендердің көңілін

көтерді. Наурыз мерекесі аясында түрлі ұлттық дәстүрде тхсау кесіліп, арқан тарту, қол күрестен, жүгіруден жарыс ұйымдастырылды. Жеңімпаздар Алғыс хатпен марапатталды. Жас балалар күресіп өзара бақ сынасып жатты.

Наурыз мерекесі көше тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлап, мерейлерін көтерді. Дәмді наурыз көжеден ауыз тиген балалар шат шадыман қуанышқа бөленді. Үлкен кісілер бір-бірімен төс қағысып амандасып, қал-жағдайларын сұрасып, ниеттерін ақ жүректен жеткізді. Көше тұрғындарының ынтымағы мен бірлігіне, жылы ілтипатына шақырған шараны ұйымдастырушыларға ұйытқы болған Бостанов Талғат, Сұлтанбаев Ержан, Пазылов Дархан, Жәмбек Нұрлыбекке алғыс айтып, осындай іс шараны алдағы уақытта да ұйымдастыра беруіне оң бағаларын берді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында дінаралық және этносаралық татулықтың өміршең екендігін көрсетіп, оның бүкіл адамзат қауымының дамуындағы ерекше рөлін, халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық үлгісінің қажеттілігін танытты.

Конфессияаралық келісім – егеменді еліміз Қазақстан халқы үшін өзара түсіністікті қажет ететін қастерлі құндылық. Еліміздің мемлекеттік саясаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген қағидаттарды басшылыққа алады. Сонымен бірге, елдегі қалыптасқан мемлекеттік-конфессиялық қатынастар барлық конфессиялар

дерлерінің съездері өтіп тұрады. 2003 жылдан бастауын алған бұл үрдіс 2022 жылға дейін дәстүрлі түрде өтуде.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі 2021 жылы Астана қаласында өткізу туралы шешім қабылданған болатын. Алайда, әлемде COVID-19 дертінің таралуына байланысты, уақыты шегеріліп, 2022 жылға ауыстырылғаны есімізде. Съезд өткен жылдың қыркүйек айының 14-15 жылдығында өткен болатын.

Дінаралық форумға 50-ден аса елден 100-ден астам делегация келді. Аталған жиынға Рим Папасы Франциск, Әл-Азһардың Жоғарғы имамы шейх Ахмад ат-Тайеб және

табылады. Үлкен діни форумдардың бізде өтуі – біздің елімізге, қазақ халқына деген үлкен құрмет пен зор сенім. Бүгінде сол сенімді толық ақтап келеміз. Бүкіл әлемде әр алуан дінді ұстанатын адамдар Қазақстанның елордасындағы кездесуге зор үмітпен көз тігуде. Ұрыс-жанжал мен үрейден қажыған миллиондаған адамдар бейбітшілікті, тыныштықты, тұрақтылықты қалайды.

Жалпы елімізде дәстүрлі форматта өтетін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі халықаралық аренада үлкен маңызға ие. Әр жылдары қоғамда дін саласында болып жатқан түйткілді мәселелердің түйінін шешіп,

Әлемдік рухани алаң

мен діни топтардың тең құқықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Халықтардың өзара қарым-қатынасы мәдениетінің қазақстандық үлгісі–бұл қоғамдағы шиеленістік, қақтығыстық жағдайды жеңу ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуінің алдын алу болып табылады.

Дінаралық татулық тұғыры биік әрі берік өтіп, қоғамда діннің өсіп отырған рөлін толық сезіне отырып, елімізде үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өткізілуде. Бүгінде Астана атауы биік мінберлерден тек саяси-экономикалық форумдарға қатысты ғана емес, дін саласындағы түйткілді тақырыптардың түйінін тарқату ісіне байланысты да жиі аталуда.

Астана қаласындағы «Бейбітшілік және келісім сарайы» ғимаратында әр үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі дін ли-

басқа да діндер көшбасшылары қатысып, еліміздің жасап жатқан осындай маңызы іс-шараларына тілектерін тілеп, оң пікірлерімен бөліскен болатын. Бұл іс-шара Қазақстанды ғана емес, әлем елдерінің бақылауында болып, әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызығушылығын тудырған еді. 200-ден астам шетелдік және 300-ден астам қазақстандық БАҚ өкілдері қатысты.

Аталмыш съездердің өту мақсаты–әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің қазіргі заманғы шешімін таппаған жаһандық проблемаларды бірлесіп шешуге бағдарланған. Діндер мен мәдениеттер арасындағы халықаралық байланысты ілгерілету, әлемдік және ұлттық діндердің диалогын қамтамасыз ету, діни төзімділікті, діни тағаттылықты нығайту болып табылады. Бұл Қазақстан еліне жүктелген ішкі және сыртқы саясатының шешуші басымдықтарының бірі болып

бір-бірімен қырғи қабақ болып, діни ұстанымдарына қарсы келіп жатқан дін өкілдерін басын қосып, ортақ мәселені талқылау үлкен жетістіктердің бірі. Дәл осындай жағдайлардың алдын алу мәселелерінде Астана ұсынған рухани алаңның қоғамға тигізер пайдасы орасан зор. Діни конфессиялардың әлемдік көшбасшыларының басын бір мақсат жолына тоғыстырып, ортақ адамзаттық адамгершілік идеяларына жүгіндіруі, ғаламдық дін лидерлерінің 3 жыл сайын басын қосып, сол бүкіл әлемнің дүбірлі аймақтары мен жаһандық радикализмнің алдын алуға белсене атсалысып, әлемді торлаған терроризм тәлкегінен арылтып, экстремизм әлегінен қытылуға таптырмас әлемдік рухани алаң.

А.ТАҒАЙ,
«Әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімі басшысы
М.У.А.

Бүлік шығарудың діни және дүниелік зияны

Жаратушы адам баласын бір еке бір анадан жаратып, оларды түрлі ұлт пен ұлысқа бөліп жер бетіне таратты. Яғни, бұл жердегі бөліну – ажырату үшін емес, керісінше бірігу әрі татулыққа өмір сүру болып табылады. Ол жайлы Құранның «Хужурат» сүресінің 13-аятында: «Уа адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ, сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың (нәм бір-біріңе қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтудің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың!», - деген. Ислам діні осы ақиқатты баян ету арқылы адамдарды бірлік пен өзара келісімде өмір сүруге үгіттейді және талас-тартысқа түсіп, бөліну арқылы бүлік шығарудан қайтарды.

Расында, алауыздық пен бөліну адамзатты бір-бірінен алыстатып, арада жеккөрушіліктің шығуына себеп болады. Әсіресе, дінде топ-топқа бөлініп, бүлік шығару тыйым салынған істердің қатарына жатып, адамның екі дүниесі де құрдымға кетуіне алып барады. Бұл туралы Құранның «Әли-Имран» сүресінің 103-аятында: «Барлығың да Алланың желісіне (дініне) мықтап жармасыңдар және өзара бөлінбеңдер. Сондай-ақ Алланың өздеріңе (үйіп-төгіп) берген нығметін естеріңе алыңдар!», - деп баяндайды.

Жоғарыда келтірілген аятта Алла Тағала жәй ғана «ұстандар», - деп емес, «мықтап жармасыңдар!», - деп бұйырған. Себебі, кейде ұсталған нәрсе кездейсоқ қолдан түсіп кетуі ықтимал. Ал оны мықтап ұстаған адам кез келген жағдайда жібермеуге тырысады. Одан бөлек бұл аятта істі бірігіп атқару керектігі өмір етілген. Әйтпесе, әркім өз бетімен бөлек халде әрекет етсе алауыздық, келіспеушілік туындауы заңды.

Қазіргі таңда түрлі әлеуметтік желілер арқылы мәзһаб ғұламаларына тас атып, қастерлі дінге тіл тигізетіндер кездесіп жатады. Діни құлшылықтарды орындау барысында жоғарыдағы «бөлінбеңдер» аятын оқып тұрып, бір тараптан ғұламаларды, мәзһабтар мен жалпы мұсылмандардың әрекетін жамандап жатса, аятқа қарсы әрекет болып саналмай ма?! Құранның «Әнғам» сүресінің 159-аятында:

«Діндерін тарам-тарам қылып, сан алуан топтарға, әр қилы ағымдарға бөлінгендерге сенің ешбір қатысың жоқ. Олардың ісі Алламен болады. Күндердің күнінде Алла олардың не істеп, не қойғандарын өздеріне жіпке тізіп тұрып айтып береді (де бәрін жауапқа тартады)», - деп ескерткен.

Әбу Нурайран (р.а) жеткен Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с) хадисінде: «Расында, Алла сендерден үш нәрседе разы болып, үш нәрседен наразы болады. Аллаға серік қоспай ғибадат қылса, Алланың жібі Исламнан жамағат болып мықтап ұстаса, бөлінуден сақтанса разы болады. Бірақ, көп сөйлеп, көп сауал қойып және мал-мүлкіті ысырғп етсе разы болмайды», - деген. Ал Әнас ибн Мәликтен (р.а) жеткен хадисте: «Расында менің үмметім жамандықта бас қоспайды. Сондықтан, қай уақытта бөлінуді көрсендер, өздеріңе білімді әрі ең үлкен жамағатты ләзім тұтыңдар», - деп жол көрсеткен. Ислам ғұламалары мұндағы «ең үлкен жамағат» дегенін «Әһлі сүннә уәл жамағат» деп түсініктеме берген. Ислам тарихында қаншама ағымдар мен топтар болғанымен, ғалымдардың олардың жолының дұрыстығына бірауыздан ешқандай келісім болмағаны себепті тарихтан ізін суытып, жойылып отырған. Ал, «әһлі ән-Нәжия» деп жарияланған «Әһлі сүннә уәл жамағат» хақ әрі тура жолда болғаны үшін 14 ғасырдан бері өмір сүруде. Ақылы бар дана, парасатты адам: «Мен ұстанып жүрген жол бұрыс болып қалса, Алланың құзырына барғанда не істеймін», - деп қорқады. Тек білімнің өзі жеткілікті болса, Әзәзілдің өзі тура жолдан адаспаған болар еді. Ол білімді болса да, Жаратушының Адамға (а.с) сөжде қылуға бұйырған бұйрығының хикметін түсіне алмағаны үшін туралықтан безіп, «қуылған шайтан» атанды.

Мақаламызды қорытындылай келе, «Ынтымақ – елдің ырысы», - деп бірлікпен іс қылған ата-бабаларымыздың дәстүрлі жолын ұстап, діни ағымдардың тармақтарына ілесуден өз ортамызды сақтайық.

Б.ШАЙМЕРДЕН,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал, Жетісай ауданындағы маманы.

Дінді ұстанудағы сыни пайым

Кеңес үкіметінің көзін көрген көнекөздер 70 жыл бойына «Құдай» деген бір ауыз қасиетті сөзді емін-еркін айталмай өтті. Аузында кәлимасы, қолына тәспі ұстаған Құдай деген құлдарды, ишан, молда, қалпелерді түрлі жалған жалалармен айыптап құртты. Одан қалғанын қуғынға хшыратып, Қытай асырды, не Ауған асырды деген – естеліктерді сол кезден қалған көнекөз қарттардан есітіп жатамыз. Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ даласында жұмыс істеп тұрған мешіт, медреселерді қиратып, одан қалғанын компартияның пропагандасын насихаттайтын клуб, қойма, тіпті мал қамайтын атқора жасаған кездері де болған екен. Түгел Түркі жұртына ортақ пір болған қасиетті мекен Түркістанда жатқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен ұстазы болған Арыстан бабтың кесенелерін қираудың сәл-ақ алдынан аман алып қалған сол кездегі Мәдениет министрі болған Өзбекәлі Жәнібеков қолға алмаса, бүгінде сол қасиетті орындардың жағдайы бүгінгі күнге жетер жетпесі беймәлім болар еді.

1991 жылы сең бұзылып, ақ түйенің қарны жарылып, жұрттың аузы аққа тиіп, ел бір-бірінен сүйінші сұратқан, бұрыңғы өткендерге арман болған Тәуелсіздік қолға тиді. Егемендіктің келуімен діни ұстанымы әлмисақтан мұсылманмен деп келген қазақ қоғамы шүкір деп мешітке барып, жұмадан қалмай, бес уақытын түгелдейтіндей күнге жетті. Бірақ таудан аққан селдей құлап ел ішіне небір теріс діни бағытты ұстанған діни топтар кіріп келді. Тыңдап көрсең айтып тұрған құдайы бір, құраны бір, пайғамбары бір не болса да осылардың жолы дұрыс шығар деген оймен көптеген жасы бар, жасамысы бар, қариясына дейін сол теріс жолдарға жіпсіз байланғандар болды. Бұлардың қатарында елімізде заңмен тыйым салынған «Хизб ут-Тахрир», «Таблицы Жамағат», «Ат-Такфир уәл-Хижра» секілді діни экстремистік ұйымдар болды. Бұндай теріс діни бағыттардың ел ішін алапайдай бүлдіруіне 70 жыл бойына дінсіз қоғамды бастан өткерген кейінгі бос вакуум қалыптасуы себеп болды. Ол уақыттарда діни салада маман жетіспеушілігі тағы бар еді. Сол уақыттарда дінді ұстанушы адамдарда діни имунитеттің қалыптаспауы да жоғарыдағы жағымсыз жайларға себеп болды. Ащы да болса шындық неге өмірге қазақ болып келдім, араб болып келгенім де ғой дейтін азаматтар да болып жатты. Яғни дінді ұстануда сау ақылға салып, сыни пікір қалыптастырудың орнына сырты жылтырағанды алтын деуден танбады. Дінге тек сыртқы мағынамен қарап, дінің ішкі мазмұнын, идеясын тастап қояуда. Алла Елшісіне (с.а.с.) бір күні бір кісі келіп «Мұсылман деген кім?», -деп сұрақ қойған екен. Сонда Алла Елшісі (с.а.с.): «Өзге адамға тілімен де ісімен де зиян тигізбеген адам», -деп жауап берген екен. Шәкәрім қаже өз өлең жолдарында мұсылман деген кім? деген сауалға былайша жауап беріпті:

Хақ мұсылман кім болар –
Айтса сөзі шын болар.
Рахым, ұят, ар, ынсап –
Төртеуі болса дін болар

Жоғарыда келтірген араб болып тууды армандаған азаматтар мына нәрсені білгені дұрыс. Дін сау ақылға құрылады. Осыған байланысты Пайғамбар хадистері де, әуелі Құран аяты мен ақылға және өзге хадис шәріптерге қарсы келмеуі керек. Бұл кезінде хадис ғалымдарының Пайғамбар сөзіне анықтылықпен қарау мақсатымен пайда болған критикалық жүйесі болатын. Себебі Пайғамбар дүниеден өте салысымен-ақ жалған пайғамбарлар мен жалған хадис тараттындар белең ала бастаған болатын. Кейбір әсіре ұлтшылдық әрекеттерге байланысты, өзге ұлт өкілдеріне жеккөрушілікті қоздыру мақсатында: «Жаннаттың тілі – парсы тілі», ал парсыларға жек көрінушілікті қоздыру үшін: «Алланың алдындағы ең жеккөрінішті тіл – парсы тілі» деген секілді жалған, шындыққа негізделмеген хадистерді ойлап таба берді. Ал араб ұлтының өзге ұлттардан жоғары екендігін насихаттау үшін «Анбәзә ибн Абдуррахман атты жеткізушісі бар хадисте: «Адамдардың жақсысы – арабтар, арабтардың жақсысы – құрайлыш, құрайлыштың жақсысы – нашим ұлдары...», -деген жалған хадис болатын. Өйткені Анзәбә ибн Абдуррахман тарихта жалған хадисші деп айыпталған және Бұхари болса бұл кісіден хадис алынбайтындығын кәсіп айтқан болатын. Осы сияқты тағы бір жалған хадисте: «Иахия ибн Азиб тізбегі Ибн Аббастан жеткен: «Арабтарды мына үш нәрсесі үшін жақсы көріңдер: Мен арабын, Құран араб тілінде, жаннаттың тілі араб тілі» деген секілді жалған хадистер ел ішінде біраз адасушылыққа алып келген болатын. Себебі Алла Елшісі (с.а.с.) «Арабтың араб еместен ешқандай да айырмашылығы жоқ», -деген сенімді сөзі жоғарыдағы түйін мәселенің шешімі болмақ. Құран Кәрімде Алла Тағала: «Мен сендерді түрлі ұлтпен ұлысқа жараттым. Бір-біріңдерді тануларың үшін», -деуі арқылы да әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, тілін бөлек жаратқанын айтып тұр емес пе? Демек мұсылман болу өзге ұлтқа еліктеу емес деген сөз.

Шәкәрім қаже бір өлеңінде: «Дін тазасын діннен ізде, дін шатағын сынға ақ» деген екен. Сол себепті діни мәтіндерге келгенде аса сақтықпен қарап, тереңнен үңілмесек өзге біреудің сойылын соғарымыз нақ анық.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Қазақта имандылық–адамгершілік, ізгілік қасиеттерді білдіреді. Иmandылықтың мұндай мағынаны білдіруі қазақтың мұсылман болуынан туындаған. Иmandылық сөзі иманнан шыққан. Иман–жүректегі нұр, имандылық соның сыртқы пішіні. Иmandылық–Алла Тағалаға иман еткен адамнан туған көркем мінез. Иmandылық көркем мінезі әрбір мұсылманның бойынан табыла бермейді. Атам қазақтың адамгершілік ұғымын имандылық сөзімен беруінде ерекше мән бар. Өйткені, адамгершілік пен имандылық арасында үлкен айырмашылық бар. Адамгершілік – барлық адамның бойында бола алатын адамның адамдық болмысынан туған қасиет. Адамгершіліктің жеті қасиеті бар. Ақылдылық–адамгершіліктің алғашқы сатысы, сәлемдесу адамгершіліктің бастамасы. Сыйла-

мал аяма!», «Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға гибадат парыз», «Құдайшылық-жүректе, қалпыңды таза сақта», «Имансыз елден ұят қашады» деген.

Абай адамдықтың биік деңгейін осылай, иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Жас адамды имандылыққа баулу үшін олардың ар-ұятын оятып, намысын қайрап, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, адалдық, ізеттілік сияқты әдептік-психологиялық қасиеттерді олардың бойына сіңіру – әрбіротбасының, балалар бақшасы мен мектептің, жоғары оқу орындарының парызы.

Халық тарихында қаз дауысты Қазыбек билік айтуға 15 жасынан кіріссе, Сырым

Қазақ менталитетіндегі имандылық

су–адамгершіліктің ары мен нұры, құрметтеу–адамгершіліктің қолдаушысы, кішіпейілділік–ізеттілік, мейірімділік–адамгершіліктің сенімді достары.

Иmandылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Бірінші тірегі–дін. Яғни, ерте ғасырлардың өзінде-ақ ұлан-ғайыр қазақ сахарасына кең тарап, жергілікті ұлттардың (оның ішінде түркі тектес тайпалардың) арасына сіңіп, олардың өмір-тіршілігімен қабысып кеткен ақиқат дін–Ислам діні. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) жайған діннің ең тазасын қаймағын бұзбай, сол қалпында елдің санасына жеткізген әулие аталарымыз. Халқымыз имандылық нұрының бастауларын сондай жүрек ашылған перзенттерінен алды деп толық сеніммен айта аламыз. Екінші тірегі–салт-дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет-ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым-зерттеушілерді тамсандырғанын білеміз. Иmandылықтың үшінші тірегі–ана тілі. Ананың бал әлдиімен бойға дарып, жүрекке сіңген ана тілдің құдіреті байтақ даламызға береке дарытты, ұлттың ұлан-ғайыр жерде бытырап жоғалмай, бір шаңырақ астына бірігуіне күшті құрал болды. Иmandылық ең басты адамның адам болмысын білдіретін үлкен құндылық.

Абай атамыз айтқандай: «Жүрегінде иманы жоқ адам– бақылаусыз адам», «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды», «Құдайдан-қорық, пендеден-ұял: балаң адам болсын десең оқыт,

Датхлы өзінің даналығын жеті жасында көрсете алған, ал ауыз әдебиетіндегі, Тазша бала мен Қарашаш сұлу он екі-он төрт жасар кезінде-ақ тапқыр, ақылды атанғандардың санатына қосылған. Иmandылық атауы–жүрек. Иmandылық жүректен пайда болады. Халқымыздың дана да дара ақыны хакім Абай осылай деген.

Халқымыз сырт көзбен емес, жүректен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Иmandылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал-мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» - деп аталы сөз қалдырған. Қазіргідей «мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» жандар кездесіп отырған кезде мұндай сөздің маңызы да жоғары. Жиган-терген дәулетіне жүрегі байламай, оданда биік нәрсе бар деп білген аталарымыздың имандылық төңірегіндегі түсінігіне біраз толғаныс жасауды жөн деп санадық.

Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
«Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру» бөлімінің басшысы.

Ислам дініндегі салт-дәстүрдің алатын орны

Дәстүрдің баққаның– үмітіңді жаққаның. Салт-дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел. Өзге елге барғанда өз еліңнен айырмашылығын бірден байқайсың. Өз жұртыңның артықшылығын, кемшілігін бағалай аласың.

«Дәстүр» сөзінің араб тіліндегі мағынасы «іс-әрекет жасалатын ереже, заң» дегенді білдіреді. Қазіргі араб тілінде бұл, негізінен, бір елдің конституциясы деген мағынада қолданылады. Осы сөздің терең мағынасын, этимологиялық түп-төркінін зерделеп мынадай ой туюғы болады. Сірә, қазақ даласында Ислам шариғаты мен дала заңдарының қосындысынан шыққан заңнамалық жүйе дәстүр деп аталса керек. Содан соң ата-баба дәстүрі, салт-дәстүр деген ұғымдар пайда болған.

Дана халқымыздың әдет-ғұрыптарына келер болсақ дінмен ұштасқан, ақылға сәйкескен жерлері өте көп. Атап айтқанда қазақ халқының амандасу көрінісі: көліктегі адамның жаяу адамға, жаяу адам отырған жандарға «Ассаламаалейкум» деп амандық сұрасуы, үлкенге құрмет, кішіге ізет таңуы. Бұл Пайғамбардың хадисінде де баяндалады: «Атты адам жаяуға, жаяу кісі отырған адамға, бір топ дүйім көпшілікке сәлем береді»,-деген. Қазақ жеріне дін келгелі бері осы үрдіс қалыптасып, тіпті қылышынан қан тамған Кеңес Одағы кезінде де бұл дәстүрлі

амандасу халық жадынан ұмыт болған жоқ. Дінімізді тәнімізден жұлса да дәстүрімізді жанымыздан өшіре алмады.

Алты алаштың дәстүрі сансыз, солардың тағы біріне келер болсақ, әр ру мен тайпаның таңбасы мен туы болғандығы. Бұл әдетте кезінде Пайғамбардың(с.а.с) құптауымен болған іс. Қандай да бір жорыққа аттанар алдын Алла елшісі (с.а.с) әр тайпаға өз туын белгілеп, ішіндегі ең сенімді әрі қайраттысына ұстатқан. Ал қазір халқымыздың туы бір, елтаңбасы белгілі. Бұл дінге сәйкес дәстүрімізді қастерлеп құрметтеу әрбір азаматтың борышы.

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сақталған діни дәстүрлер: сүндеттеу, неке қию, құрбан айт пен ораза айт, жарапазан, садақа, пітір беру, бата беру, тасаттық жасау діни жоралғылардың өміршеңдігін көрсетеді. Келіннің ата-енесіне сәлем салуы құрмет болса, беташар рәсімі – некені жариялау, бесік тазалық пен денсаулық кепілі болса, дастарханда бас қосып дәрежемен орын алу ахлақ (әдеп) көрінісі. Сондай-ақ мазарлар мен кесенелер, мешіттер мен медреселер халқымыздың тарихында ұлт руханиятының асыл қазынасы ретінде қызмет атқарып келеді.

Қонақжайлық еліміздің ежелгі қасиеті. Бұл жөнінде XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы

уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет». Үйге келген қонақ оларда ерқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. XIX ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілерінің бірі Ф.Фон Хелльвальд: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез келген жатжерлік адамның өзінді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйықтай беруіне әбден болады», - деп өз таңданысын жасырмаған.

«Ел болам десең бесігінді түзе» демекші әрбір отбасы, әрбір тәрбиеші, әрбір ұстаз үшін жастарды сауатты әрі халқына, еліне қызмет ететін тұлға етіп тәрбиелеу басты мақсат. Қанша ғасырлар өтіп, реформалар өзгерсе де, діни, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпмыздың, мәдениетіміздің ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жетіп отыруы біздің ел алдындағы басты міндетіміз. «Бірлігі бар елдің, берекелі тірлігі бар»-демекші ел ішінде тыныштық пен тұрақтылық, ынтымақ пен бірлігі бар жерде ғана өсіп-өркендеу, ертеңгі күнге деген үкілі үміт болатыны айқын.

А.БОРИБЕКОВА,
Теолог маман.

ДІНИ СЕНІМДЕР ӘР ТҮРЛІ, АЛ ЗАҢ БАРШАҒА ОРТАҚ

Дін қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын әлеуметтік қатынастардың тиімді факторы десек артық болмас.Тәжірибе көрсеткендей, соңғы жылда қазақстандықтар арасында дінді ұстанушылар саны артқандығы байқалады. Тәуелсіз аналитикалық құрылым болып табылатын саяси шешімдер институты жүргізген зерттеудің деректеріне сүйенсек, қазақстандықтардың 96%-дан астамы өздерін қандай да бір дінге жатқызатыны белгілі болды. Бұл ретте қазақстандықтардың 72%-ислам, 24%-христиан дінін ұстанады, ал қалған тұрғындарының 3% астамы өздерін атеист деп санайды екен. Қазақстанда 120-дан астам этнос өкілдері және елімізде ресми тіркелген 18 конфессия атынан өкілдік ететін 3800 астам діни бірлестік пен олардың филиалдары жұмыс істейді. Дәстүрлі түрде олардың ішінде ең көп саны ханафимазхабындағы ислам және православиелік христиан. Сонымен қатар католиктік және протестанттық конфессиялар, иудейлік, буддистік және басқа да діни бірлестіктер бар.

Елде болып жатқан кез-келген діни мәселелер мемлекеттің назарынан тыс қалмайтыны белгілі. Осы мақсатта діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге уәкілеттік берілген дін істері агенттігі тарапынан 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы дайындалды. Ең бастысы, дер кезінде осы заңның қабылдануы өте маңызды саяси қадам болды. Бұл заң жобасы Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталғанын атап өткім келеді. Бұдан басқа, ол діни бірлестіктердің қызметін ретке келтіру тетіктерін енгізеді, сондай-ақ әртүрлі нормативтік актілердің құқық нормалары арасындағы оқалықтарды жою үшін негіз жасайды.

Әрине, Заң жобасын әзірлеу кезінде Ресей, Беларусь, Армения, Грузия, Тәжікстан, Литва, Дания, Испания сияқты елдердің және тағы басқа зайырлы мемлекеттер болып табылатын бірқатар еуропа елдерінің тәжірибесі ескеріліп әзірленді. Заң жобасын әзірлеу кезінде қоғамдық және діни мүдделердің тепе-теңдігін сақтауға ерекше назар аударылды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды әзірлеу барысында бірінші кезектегі міндет–конфессияаралық толеранттылық пен келісімді сақтау болды. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жыл аралығы өз ұлты мен дініне қарамастан барлық этнос және діни бірлестіктерге тең мүмкіндіктер елі ретінде көрсетіп келуде. Бұл ретте, айта кету керек, жаңа заң жобасында ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде орнатылмауы тиіс деп көрсетілген. Біздің мемлекетіміздің зайырлы тұрақтылығына кепілдік Қазақстан Республикасы Конституциясымен беріледі.

Келесі заң жобасының тағы бір ерекшелігі – еліміздегі қызмет жасап жүрген барлық діни бірлестіктердің қызметін реттеудің тағы бір аса маңызды шарасы тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың қызметіне жол бермеуге, сондай-ақ діни бірлестіктердің өкілі болып саналмайтын тұлғалардың миссионерлік қызметті жүзеге асыруы

на тыйым салуға бағытталатын болады. Сонымен қатар, гибадат үйлерін, ғимараттарын салудың тәртібі белгіленген. Мұның нәтижесінде осындай ғимараттардың бақылаусыз салынуына тосқауыл қойылып, қараусыз қалған гибадат үйлерінің мәселесін шешуге селтігін тигізеді.

Заң жобасында діни бірлестіктердің мәртебесі, тіркеу тәртіптері айқындалған, олар тарапынан таратылатын діни әдебиеттерді әкелумен таратудың талаптары енгізілген. Бұған қоса, сырттан әкелінетін діни мазмұндағы ақпараттық материалдарға да дінтану сараптамасы жүргізіледі.

Заң жобасында мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінгені бекітілген. Бұл дегеніміз, діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, мемлекет олардың қызметіне араласпайды. Қаралып отырған заң жобасында діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ мемлекетте бір діннің үстемдігін бекітуге бағытталған діни бірлестіктер құруға, діни араздықты немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттермен байланысты араздықты қоздыруға қатаң тыйым салынатыны анық жазылған.

Елімізде негізінен басты екі дін бар десек болады. Олар –ханафи бағытындағы ислам мен православ діндері. Өткенге тарихи шолу көрсеткендей, бұл екі діни бағыттың қағидалары адамзатты сую және құрмет көрсету қалпында этникалық дәстүрлермен әдет-ғұрыптарды толықтырып, біздің ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырған этникалық тамырларды сақтап қалды. Бұл ретте мемлекет халықты мәдени тәрбиелеу, ұлттық дәстүрлерді дамыту, адамгершілік құқықтық мәдениетті арттыру салаларындағы дәстүрлі діни ұйымдарға сүйенеді. Айта кету керек, жаңа заңның құрылуына діни ағымдар тудырған көптеген қайшылықтармен қайғылы жағдайлардың салдарынан маңызды түзетулер мен өзгертулерді қабылдау қажеттігі қарастырылуда.

Қорытындылай келе, халықсыз билік болмайды, ал– дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы біздің қоғам үшін маңызы орасан зор. Ол азаматтық қоғамды қалыптастыруды ілгері жылжытуда айтарлықтай ықпалы зор деп айтсақ болады. Себебі бұл заңнан қоғамның күтіп отырған басты-басты мәселелері бар екені анық. Нәтижесінде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы біздің қалыптасқан діни наным-сенімімізге, ата-бабадан қалыптасқан дәстүрімізге, отбасылық ынтымағымызға кедергі келтіріп, түрлі жолдарға итермелейтін зиянды діни ағымдарға тыйым салуына өз үлесін қосады.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Банкроттық — қарызын қайтаруға ақша қаражатының жоқтығынан борышқордың міндеттемелерін өтеуге төлем қабілетінің болмауы. Фирма банкроттығы әдетте ұзақ уақыт ішінде шығысы кірістен артық болып, шығынның орнын толтыру көздерінің табылмау салдарынан пайда болады. Юристік тәжірибеде банкроттық дегеніміз — сотпен не төрелікпен қарызын толық өтей алмайтын айқындалған соң борышын өтеу үшін экономикалық іс — әрекетін тоқтату. Бұл несие берушілердің қарызын қайтару үшін борышқорды барлық мүлкін сатуға мәжбүр етеді. Сот шешімі бойынша борышқорлық міндеттемесін өтеуге қабілетсіз кәсіпорындар қайта құрылуы мүмкін яғни оған борышын өтеп, банкроттықтан шығу үшін мөлшерлі мерзім беріледі, ал кей жағдайда борышқор фирмалар мен мекемелердің, өнеркәсіптердің шаруашылығын тоқтатып, тәрату ашық жарияланып, мүлкін сату арқылы, не болмаса қаржы мүліктерін

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ БАНКРОТТЫҢ РӨЛІ

өнеркәсіптің өз адамдары сатып алу арқылы таратылады. Егерде төлем қабілетсіздігін айқындап сотқа борышқордың өзі арыз жазса банкроттық «ерікті» деп аталады, ат арыз қарызы қайтарылмаған несие берушіден түссе банкроттық «ықтиярсыз», «мәжбүрлі» деп аталады.

«Мемлекеттік және мемлекет кепілдендірген қарыз алу мен борыш туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қарыз алудың мынандай түрлерін атауға болады: мемлекеттік қарыз алу және мемлекет кепілдендірген қарыз алу.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қарыз алуды оның үкіметі, Ұлттық банк және жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Үкіметтің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында, Ұлттық банктің қарыз алуы төлем балансын қолдау және Ұлттық банктің алтын-валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ елдегі жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарында жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға байланысты жергілікті бюджеттің тапшылығын жабу мақсатында жүзеге асырылады.

Қарыз туралы келіссөздер жүргізу, шарттарға (келісімдерге) қол қою тәртібін, оның атынан эмиссияланатын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа түсіру, өтеу және оларға қызмет көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Банкроттық — кәсіпорындардың төлем қабілетсіздігі салдарынан өз жұмысын мәжбүрлі тоқтатуы. Әдетте, фирманың банкроттығы, көбінесе олардың шығыны кірісінен асып кетуі салдарынан туындайды. Мұндай жағдайда борышқор тек соттың шешімі бойынша ғана банкрот деп танылады. Борышқорды банкрот деп танудың негіздері, тәртібі мен рәсімі ҚР «Азаматтық Кодексінің» 52-, 53-, 54-, 55-, 56-, 57-баптарында, «Банкроттық туралы» заңда (21.1.1997) көзделген. Осы актілерге сәйкес банкрот ерікті не ықтиярсыз түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер борышқор өзінің төлем қабілетсіздігі жайында сотқа арыз берсе, онда ол ерікті банкрот болып табылады. Банкроттыққа ұшыраған кәсіпорынның кредит берушіге қарызын және басқа да міндетті төлемдерін өтеу туралы үшінші жақтың кепілдігі болмаған жағдайда сот ба-спасөзде борышқордың қаржы жағдайын жақсартып, кредит берушілердің тілек-шағымдарын қанағаттандыруына жәрдем беруге қабілетті заңи тұлғалар мен азаматтарға арналған тендр жариялай алады.

Қазіргі уақыттағы заң, алдымен борышкер кәсіпорынды мүмкіндігінше сақтап қалуға бағытталған нормаларды қамтиды. Өйткені кәсіпорындардың жалпылама бәрінің банкроттыққа ұшырауы елеулі әлеуметтік салдарларға ұрындыруы мүмкін. Сондықтан да барлық нарықтық қатынас орнаған мемлекеттерде кәсіпорынды жалпы күйреуден қорғауға бағытталған белгілі бір механизмдер қалыптасқан. Мұндай механизмдердің негізгі элементтерінің біріне —

банкроттықты құқықтық реттеу жатқызылады.

I БӨЛІМ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ БАНКРОТТЫҢ РӨЛІ

I.1 Банкрот туралы жалпы түсініктеме
Қазақстан Республикасында қолданыста жүрген банкроттық туралы соңғы заңның күшіне енгеніне де сегіз жылдай уақыт болыпты. Әрине бұл уақыт оның жағымды (күшті) және осал (әлсіз) тұстарына баға беруге, тәжірибеде қолдану кезінде байқалған ол қылықтарын атауға мүмкіндік беретін жеткілікті мерзім.

Банкроттық институты ең алғаш орта ғасырларда сауда құқығы институты ретінде пайда болып дами бастады. Ол сол заманғы тауар-ақша қатынастарының қарқындалуымен тікелей байланысты болды. Бұл институттың субъектілері — саудамен айналысатын жеке тұлғалар болған. Ал жеке кәсіпкерлерді олардың бірлестіктері — сауда серіктестіктері алмастырған кезде, арнайы

заңның күші сауда құқығындағы заңды тұлғаларға да таратыла бастады.

Дәрменсіздік (банкроттық) мәселелерін реттейтін алғашқы заңдардың шығу тарихы XV ғасырдың ортасына жатқызылады. Ол кездің заң шығарушысы негізінен қылмыстық сипаттағы қатаң нормаларды қолдана отырып тауарлық айналымға әсер етуді көздеді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, дәрменсіз борышкерлерге қолданылатын ең қатаң шаралардың өзі банкроттық қатаң болуды тия алмады.

Бір-бірте азаматтық-құқықтық сипаттағы нормалардың саны ұлғайып, дәрменсіздікке байланысты заңнамалардың мақсаты әжеп-теуір өзгеріске түсіп, олар барған сайын өркениеттілік сипатқа ие бола бастады.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы банкроттық туралы заңнамалар-банкротқа ұшырағандардың мүлкін олардың кредиторларына үлестіріп беру үшін оны қолма-қолақшаға айналдыруды негізгі мақсат ретінде көздеді. Сонымен қатар, бұл заңдар адал борышкерлерді коммерциялық сәтсіздіктерден пайда болған міндеттемелері мен қарыздарынан құтқара отырып, бәрін қайта бастауға мүмкіндік беруді демақ сат өтті.

Сонда қарап отырсақ, заң — ол әрқашан да, тіпті прецеденттік құқық қолданылатын мемлекеттерді қоса алғанда дәрменсіздікті құқықтық реттеудің бірден-бірқайнар көзі болып табылған.

Отандық құқықтық жүйеде банкроттық институтының пайда болуын ел экономикасының 1990 жылдары нарықтық қатынастарға көшуімен байланыстыруға болады. Нарықтық экономикада банкроттық рәсімдерінің рөлі мен оның құқықтық реттеу мәселелерінің маңызы өте зор:

— біріншіден нарықтық қатынас жағдайында банкроттықты — экономиканы сауықтыруға бағытталған және де кәсіпкерлер мен мемлекеттің мүддесін қорғайтын құрал ретінде қарастырсақ;

— екіншіден банкроттық нарықтық экономикаға тән объективті экономикалық құбылыс;

— үшіншіден өтпелі кезең тұсында банкроттық көптеген мәселелердің (өндірістің өсуі, төлемсіздік, т.б.) өз шешімін табуына әсер ететіндіктен, ол ұлттық өндірісті қорғаудың құрамды бөлігі болып табылады.

Кеңестік дәуір тұсында оның құрамында болған одақтық мемлекеттердің құқықтық жүйесінде банкроттық институты қолданылған жоқ, тіпті сол заманда оның дамуы мүмкін емес еді. Себебі мемлекеттің бірыңғай экономикалық жүйесі тек әкімшілік-бұйрықтық әдіспен басқарылатын мемлекеттік секторға ғана жұмылдырылған болатын. Бірақ көршілес Ресейдің революцияға дейінгі құқықтық кезеңінде конкурстық құқық (банкроттық), конкурстық процесс кеңінен қолданыс тапқан еді.

I.11 Банкроттық: заң және оның құқық қолдану тәжірибесі

Сондай-ақ басқа да шетелдік елдер (Италия, АҚШ, Англия, Германия Франция және тағы басқалары) тәжірибесінде банкроттық институтының құқықтық реттелу мәселелерінің өзіне тиесілі заң ғасырлық тарихы болды.

(Жалғасы бар).

	2023 жылғы Қаңтар-ақпан	2023 жылғы қаңтар-ақпан, 2022 жылғы қаңтар-ақпанға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 қаңтарға)	63 110	100,7
Туылғандар, адам	146	116,8
Өлгендер, адам	33	106,4
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	118	137,2
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	176	88,4
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың IV тоқсаны	18 154	103,1
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2022 жылдың IV тоқсаны	403 498	119,4
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	4 700,1	89,7
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	188 630	101,1
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	68 796	100,2
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	72 207 427	98,5
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	2 573,4	103,5
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	2 124,0	834,5
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	3 316	100,8
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	196 277,5	138,4
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	164 955,3	123,3
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	120 899,1	128,4

ІЖА тобы	Бруцеллез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тумау	Менингококк жұқпалы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
-	-	10	20 491	-	-	-	-
Тіркелген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық сипаттары бойынша						
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылқықтар		
24	7	-	11	4	2		

	2023 жылғы 1 наурыздағы						
Барлығы	470						
Мемлекеттік	104						
жеке	366						
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1						
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	9						
шетелдік	-						
Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде						
	ШОК заңды тұлғалары ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	дара кәсіпкерлер ²⁾	2022	2023 ¹⁾	Шаруа (шаруа-ферме) қожалықтары
2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022
4 742	3 080	280	254	3 272	1 789	1 190	1 037

Менингиттен сақтану жолдары

Менингит – халық арасында көп таралған дерт. Өте қатерлі бас ми қабағының асқыну ауруы. Бұл ауруға көбіне балалар тез шалдығады. Менингит басқа аурулардың, яғни шешек, мысқыл (шықшыт безінің қабынуы), көкжөтел немесе құлақтың қабынуы сияқты аурулардың асқынуынан болады.

Менингит қалай жұғады

Менингит – тұрмаудан толық жазылмаған жағдайда, тазалық сақталмаған жерде, көп адам жүретін жерде, кейде денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан және іш сүзегінен пайда болады. Көбіне суықтан пайда болатын ауру ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Сонымен қатар менингит бактериясы жөтелу кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрынға түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адамнан ауру жан жаққа тез таралады. Сонымен қатар менингит адамның жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, нәтижесінде бұл ауруға шалдыққандардың 20% өлімге әкеліп соғады.

Аурудың алғашқы белгілері

Ауру екі түрге бөлінеді. Жедел және созылмалы болатын бұл аурудың ең күрделісі мида іріңді түрде болатын менингитальдық синдромы. Менингит – құрт ауруының түрі – науқастан әл кетіп, шаршап, тез терлеп, дене қызуы көтеріліп ұзақ уақыт жүреді.

Аурудың алғашқы белгілері – ауру жұққаннан кейін 10-12 күннен соң ағзада бас ауру, лоқсу, ауыз құрғап, қызу көтерілу, дауыс қарлығып, өңі бозару секілді инкубациялық кезең өтіп, денеде қызғылт түсті дақтар пайда болады. Дене қызуы 40 градусқа жоғарылап, артериялық қысым төмендейді. Дер кезінде емделмесе көп жағдайда мүгедек болып қалуы да мүмкін. Жарыққа қарай алмай, қатты дауыстан қорқып, есінен адаса бастайды. Бұл белгі іріңді менингитті білдіреді.

Белгілері:

жоғары температура;
бастың қатты ауыруы;
мойынның шалқаюы. Баланың өңі кірмейді, сұлық жата береді, басы мен мойнының артқа шалқайтып ұстайды.

Бір жасқа дейінгі баланың еңбегі көтеріледі (томпайып кетеді);

құсу;
кішкентай балаларда менингиттің алғашқы кезеңінде анықтау қиын. Бала түсініксіз жағдайда, тіпті анасы емізгенде де жылай береді («менингит жылауы») немесе бала ұйықтай береді;

кейде талып қалады да, дене қозғалысы бір түрлі болып өзгереді;

баланың жағдайы бірте-бірте нашарлай бастайды;

Емдеу жолдары

Жоғарыда айтылған белгілер пайда болған жағдайда бірден жедел жәрдем шақыртыңыз. Мүмкіндік болса науқасты тез арада ауруханаға жеткізіңіз. Менингиттен айығуға болады. Дәрігерге дер кезінде қаралып, қажетті емді қабылдаған кезде менингит аурын жеңіп шығуға болады.

А.КУЛМЕНОВ,

Созақ аудандық зертхана меңгерушісі.

С.БЕКТІБАЕВА,

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының зертханашысы.

Байытылған ұнды пайдалан!

Ұн өзінің кең таралғандығы, әмбебаптылығы мен күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге жарамдылығының арқасында адам ағзасын темір фольи қышқылы және дәрумендермен қамтамасыз ететін ең тиімді құрал болып табылады. Өзінің табиғи дән күйінде В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), ниацин, В6 (пиродоксин) және темір мен мырыштың қоймасы тәріздес.

Бидай дәнінің темірмен байытылуы – Қазақстан халқының темір қосылған өнімдерімен ұдайы тамақтануын көздейтін ілгерінді стратегия. Ұнды темірмен және дәрумен, минералдармен байыту ісі арнайы құрал жабдықтардың көмегімен ұн дайындау орындарында жүзеге асырылады. Темір тапшылығы анемияны алдын алудың ең қолжетімді тәсілі – ол дәрумен және темірмен байытылған ұнды пайдалану болып табылуда. Бидай ұны, темір және дәрумендермен байытылған кезде өз қасиеттерін жоғалтпайды. Наубайханаға жіберілетін нан премикспен (темір, мырыш және дәрумендер жиынтығы), ал тағамдық тұз – калий йодатымен байытылады. Соңғы жүз жылда дәнді дақылдардағы пайдалы микроэлементтердің мөлшері 40% төмендеді. Осы себепке байланысты ұн құрамына нәрлі микроэлементтер қосылады.

Байытылған ұн өнімдерінің тағы бір пайдасы – ҚР темір жетіспеушілігінен туындаған анемиямен ауыратын бала тууға қабілетті жастағы (15-49) әйелдер мен балалардың аурушаңдығының азаюы. Байытылған ұнның пайдалы қасиеттерімен өзге дәнділігі жоғары. «Дәруменделген» ұнның адамдардың барлығына пайдасы мол. Сондықтан бала бақша, балалар үйі, мектеп, интернат, студенттік асхана, медициналық ұйымдар, қоғамдық тамақтану орындары қарапайым емес, байытылған ұнмен қамтамасыз етілуі керек.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Хабарландыру

“Буденовское” БК ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің талаптарына сәйкес тақырыптар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

1. Жобаның атауы: “Буденовское” кен орнының 6-7 учаскесінде өнімділігі жылына 6000 тонна табиғи уранды қайта өңдеу кешені” жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп. Қоғамдық тыңдау 2023 жылғы 04 мамыр сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылының ауылдық клубында өтеді;

2. Жобаның атауы: “Буденовское” кен орнының 6-7 учаскесінде 2023 жылғы Технологиялық блоктарды байлау” жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп. Қоғамдық тыңдау 2023 жылғы 04 мамыр сағат 12:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Бақырлы ауылының ауылдық клубында өтеді.

3. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «Түркістан облысы ТР және ТПРБ» АҚДМ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> танысуға болады.

4. Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда ecportal.kz, сондай-ақ e-mail арқылы info@spb.kazatomprom.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

5. Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8 (727) 343 -66-00 ішкі номері 20746, 8 (775) 677 62 35.

Объявление

ТОО СП «Буденовское», в соответствии с требованиями Экологического Кодекса РК, сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по теме:

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях на Рабочий проект «Перерабатывающий комплекс производительностью 6000 тонн в год природного урана на участке 6-7 месторождения «Буденовское». Общественные слушания состоятся 04 мая 2023 года в 11:00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, в сельском клубе с.Бақырлы;

2. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях на Рабочий проект «Обвязка технологических блоков 2023 года на участке 6-7 месторождения «Буденовское». Общественные слушания состоятся 04 мая 2023 года в 12:00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, в сельском клубе с.Бақырлы.

3. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecportal.kz, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>

4. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале ecportal.kz, а также по e-mail info@spb.kazatomprom.kz

5. Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8 (7172) 45 -83-33 вн. 20746, 8 (775) 677 62 35.

Болашақ құтқарушылардың назарына!

ҚР ТЖМ Малик Фабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы оқуға, 16 жасқа толған мектеп бітірушілер балалар мен 25 жасқа дейінгі жұмысшы жастар қабылданады КТИ-ның іштей оқу бөліміндегі оқыған шұғыл әскери қызметтен өтуменен теңеседі және ішкі істер органдарындағы еңбек өтіліне есептеледі. Институт түлектері міндетті түрде мемлекеттік азаматтық қорғау құрылымдарына қызметке орналастырылады. Институтқа түсу емтиханын тапсыруға келген талапкерлер қазармалық жағдайда болады және сарбаз тамағының мөлшеріндегі бағадағы тамақпен қамтамасыз етіледі.

Түсу емтихандары конкурс негізінде 4 пән бойынша кешенді тестілеу түрінде: математика, физика, қазақстан тарихы және тіл (қазақ немесе орыс), пәндері бойынша өткізіледі. Тестілеуден басқа талапкерлер дене даярлығынан сынақ тапсырады

Күндізгі оқу түрі бойынша түсу емтихандарын тапсыру кезінде үміткерлер қазармалық жағдайда болады, институттағы күн тәртібін және жарғы талаптарын сақтайды. Курсанттарды оқыту, киім-кешегі және тамақтану республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Одан басқа шәкіртақы төленеді: 1-2 курс 4601,22 теңге, 3-4 курс 7963,65 теңге.

Институтты бітіргеннен кейін түлектермен бес жылға келісім-шарт жасалады, оның бір тармағында қызметкердің мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарынан шыққан жағдайда ол бес жыл бойы Институтта оқыған кезде кеткен мемлекет шығындарын төлейді.

Институтты күндізгі бөлімінің толық курсы бітірген тұлғалар үшін, атап айтқанда – 4 жыл оқу мерзімі мерзімді әскери қызметке теңеледі. Бірінші, екінші және үшінші курс курсанттары қазармалық жағдайда болады, төртінші курс курсанттары еркін тұрады.

Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтының пошта мекен-жайы: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 136.

Факс: (87162)25-14-96, қабылдау бөлімі: 25-52-49, кадр жұмыс бөлімі: 25-04-01, кезекші бөлімше: 25-13-36, 25-48-52.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығының м.у.а азаматтық қорғау капитаны.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарына Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 25-2-41, 25-4-06 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Улы газдан абай болыңыз!

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөй-тұншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен ұлану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организмине жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамының өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен ұлану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денсаулыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінің, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны жие «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек қана ұланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен ұланудың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының №11 ӨСБ-і қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

-жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;

-тек қана жарамды құрал-жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр салдарға әкеліп соғу мүмкін;

-газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;

-жабық гимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;

-балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;

-жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен ұланудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі- қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді.

Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша ха-

Жемқорлық індет-жою міндет

лықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Гульмира ОСПАНОВА,
Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің жер учаскелерінің тиімді пайдалану мен қорғалуын бақылау жөніндегі бас маманы.

Сыбайластыққа жол жоқ!

Жемқорлықпен күресу-Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығының м.у.а, азаматтық қорғау капитаны.



Ағылшын тілі пәнінен аудандық семинар өтті

Жуырда ауданымызда Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп лицей-интернатында ағылшын тілі пәнінен аудандық «Modern problems teaching English students and ways to solve them: effective use of digital educational resources» тақырыбында семинар өткен болатын. Семинардың негізгі мақсаттары қазіргі заман талабына сай әдіс-тәсілдерді дәріс беру кезінде қолдану болып табылады. Оның ішінде 3D видео слайдтар, Q-kod, Pickers жаңа әдіс тәсілдерді сабақта дұрыс қолдану. Критериалды бағалауда дұрыс пайдалану. Қмж бұрынғы тәсілмен емес, әр келген мұғалімдер өз телефонынан Q-kod арқылы көре алды. Сабақтар «3D Emaze» презентация арқылы жасалды. Тапсырмалар «Wordwall, Flipfets» программа арқылы жасалған.

Аталған семинар сабақта қмж тақырыпқа сай құрылды. Әрбір элементтер өз деңгейінде дұрыс қолданылды. Барлық оқушылар сабаққа ынта ықыласпен қатысты. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары анық, сабақта семинар тақырыбына сай соңғы әдіс-тәсілдер қолданылды. Қмж Q-kod тәсілі арқылы жасалынды. Тапсырмалар Wordwall және flipfets тәсілдерімен жасалынып, критериалды бағалау әр тапсырмадан соң бағаланып отырылды.

«The natural world» тақырыбында Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп лицей-интернатының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айтжанова Дана 8 сынып оқушыларымен сабақ өтсе, Мантбекова Құрманайдың сабағы «Film and genres around the world» тақырыбында жасалды. Құрманай Мантбекованың сабағының ерекшелігі мұғалім мен оқушылар арасындағы байланыс өте керемет болды. Оқушылар еркін сөй-

леп, бір-бірін жақсы түсініп тұрды. Айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдылары керемет қалыптасқан. Барша мұғалімдер аталған сабаққа ризашылықтарын білдірді.

Сонымен қатар, Кидирбаева Жанар 10 сынып оқушылармен «Robotics» тақырыбында сабақ өтті. Қмж сабақ жоспарына сай жасалынды. Әрбір әдіс-тәсілдерді оқушылар детальді түрде толық орындап шықты. Оқушылардың «роботқа» деген қызығушылықтары артты. Жаңа әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білді. Сабақтың негізі мақсаты оқушыларды ағылшын тілінде сөйлету болды. Ал, Ахметова Жансая 5 сыныппен «Shops» тақырыбында сабақ өтті. Қмж сабақ тақырыбына сай. Мұғалім теориялық білімін оқушыларға тапсырма беру барысында дұрыс қолдана білді. «Pickers» әдіс-тәсілін керемет қолданған Жансая Ахметоваға мұғалімдер ризашылықтарын айтты. Махмудова Нұргүл 5 сыныппен «There are, there is» тақырыбында сабақ өтті. Қмж сабақ тақырыбына сай жасалған. Оқушылар өз деңгейлеріне сай тапсырмаларды оңай әрі тез орындай білді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Тапсырмалар нақты әрі тиянақты жасалған. Мұғалім «Wordwall, Q-kod» тапсырмаларды оқушыларға орындатты. Сабаққа енген ұстаздар ризашылықтарын білдірді.

Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп лицей-интернатының ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері аталған шараға белсене қатысып, көп еңбек сіңірді. Мектеп ұжымы да, оқушылар да мұғалімдердің атқарған еңбектерін жоғары бағалап, өздерінің алғысын жеткізді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Бірлесе күресейік!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпест келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін

тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің

сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілігі ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Су тасқынының алдын алу

Су тасқынына қалай дайындалу керек: Егер де Сіздің аумағыңыз су тасқынынан жиі зардап шексе, су басу мүмкін жерлердің шекарасын, сондай-ақ тұрғылықты жеріңізге жақын тұрған дөңестеу сирек су басатын жерлерді, оған баратын ең қысқа жолды зерделеп, еске сақтаңыз.

Отбасы мүшелерін ұйымдасқан және жекелей көшіру кезінде әрекет ету, сонымен қатар кенеттен және буырқанып келе жатқан су тасқыны кезіндегі ережелерімен таныстырыңыз. Қайықтар, салдарды және оларды жасау үшін құрылыс материалдарын сақтау орындарын еске сақтаңыз. Көшіру кезінде алып шығатын құжаттар, мүлік және дәрі-

дәрмектердің тізімін алдын-ала жасап қойыңыз. Арнайы чөмолдан немесе рюкзаққа құндылықтарды, қажетті жылы заттарды, азық-түлік қорын, су және дәрі-дәрмекті салыңыз. Егер адам батса: Батып жатқан адамға жүзетін зат лақтырып, оны сергітіңіз, көмек шақырыңыз. Зардап шегушіге бару кезінде өзен ағысын ескеріңіз. Егер батушы адам өзінің іс-әрекеттерін бақылап, оның артынан жүзіп барып, шашынан ұстап алып, жағалауға сүйреңіз.

Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету керек: Фимаратқа кірер алдында қандай-да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз

(жиналып қалған газдан тазарту үшін). Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз. Сумен тікелей жанасқан тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз. Құдықтарды тазартуды ұйымдастырып ондағы лас суды шығарыңыз.

М.ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.